

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1146 қаулысымен бекітілген Жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілерге арналған кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісі мен ерекше үлгідегі аттестат туралы ереженің 1-тармағын ресми түсіндіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 29 қыркүйек N 968. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.23. N 1219 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.08.23. N 1219 қаулысымен. P 9 9 1 2 1 9 _

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының "Жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілерге арналған кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісі мен ерекше үлгідегі аттестат туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1146 P971146_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 33, 308-құжат) бекітілген Жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілерге арналған кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісі мен ерекше үлгідегі аттестат туралы ереженің 1-тармағына ресми түсіндіру беру туралы сұрануына байланысты "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілерге арналған кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісі мен ерекше үлгідегі аттестат туралы ереженің (бұдан әрі - Ереже) 1-тармағына мынадай ресми түсіндіру берілсін.

Ереженің 1-тармағында "Кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісімен 5 сыныптан бастап 11 сыныпқа дейін оқуда ерекше көзге түскен, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадалардың жүлдегері болып табылатын, оқу бітіру емтихандарын тапсыру кезінде өте жақсы жетістіктер, өте жақсы мінез-құлық пен жалпы білім беретін орта мектептің оқу жоспарының барлық пәндері бойынша "5" деген бағаны көрсеткен жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілер марапатталады" деп белгіленген.

Жоғарыда аталған тармақтың құқықтық мазмұны кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісімен 1-тармақта көрсетілген барлық белгілердің:

5-тен 11 сыныпқа дейін оқуда ерекше көзге түсуі;
республикалық және халықаралық олимпиадалардың жүлдегері болуы;
оқу бітіру емтихандарын тапсыру кезінде өте жақсы жетістіктер, өте жақсы мінез-құлық пен жалпы білім беретін орта мектептің оқу жоспарының барлық

пәндері бойынша "5" деген бағаны көрсетуі жиынтығы кезінде жалпы білім беретін орта мектептерді бітірушілер марапатталатынын білдіреді.

2. Қазақстан Республикасының осы қаулысы Қазақстан

Республикасының Бас прокурорына жолдансын.

3. Қаулы "Жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілерге арналған кеудеге тағатын "Алтын белгі" белгісі мен ерекше үлгідегі аттестат туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1146 қаулысы қолдануға енгізілген күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі